

## Кеден органдары алатын кедендік алымдардың ставкаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қаңтардағы № 24 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі № 171 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 05.04.2018 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 13.02.2017 № 56 (01.03.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік ісі туралы" 2010 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 115, 119-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік кірістер органдары алатын кедендік алымдардың ставкалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 13.02.2017 № 56 (01.03.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Кеден органдары алатын кеден алымдарының, алымдар мен төлемдердің ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі № 669 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 28, 277-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі № 669 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы № 1293 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 48, 595-құжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 21 қаңтардағы  
№ 24 қаулысымен  
бекітілген

## Мемлекеттік кірістер органдары алатын кедендік алымдардың ставкалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.02.2017 № 56 (01.03.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Кедендік төлемдердің атауы	Теңгемен ставкасы
1	2
Тауарларды кедендік декларациялау үшін кедендік алымдар	тауарға арналған декларацияның негізгі парағы үшін 2 5 0 0 0 т е ң г е ; тауарға арналған декларацияның әрбір қосымша парағы үшін 11000 теңге
Кедендік алып жүру үшін кедендік алымдар	50 км дейінгі қашықтыққа 5000 теңге, 50-ден 100 км дейінгі қашықтықта 7000 теңге, 100-ден 200 км дейінгі қашықтықта 11000 теңге, 200-ден 400 км дейінгі қашықтықта 52000 теңге, 400-ден 600 км дейінгі қашықтықта 72000 теңге, 600-ден 800 км дейінгі қашықтықта 114000 теңге, 800-ден 1000 км дейінгі қашықтықта 155000 теңге, 1000-нан 1500 км дейінгі қашықтықта 210000 теңге, 1500-ден 2000 км дейінгі қашықтықта 299000 теңге, 2000-нан 2500 км дейінгі қашықтықта 353000 теңге
Алдын ала шешім үшін төлем	2 9 0 0 0 т е ң г е

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК